КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 11 ақпан № 4712-25-00-2/231іс Ақтау қаласы

Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.О.Аташева сот ғимаратында, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібінде азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан Республикасы Ішкі Істер Министрлігі Маңғыстау облысы полиция департаменті» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
ЖК «Гайниев» басшысы Гайниева Мадина Асылхановна

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1.мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы
2.тұрақсыздық айыбын өндіру

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 267-4, 223-226 - баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қазақстан Республикасы Ішкі Істер Министрлігі Маңғыстау облысы полиция департаменті» мемлекеттік мекемесінің талап қоюы – қанағаттандырылсын.

ЖК «Гайниев» басшысы Гайниева Мадина Асылхановна мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

ЖК «Гайниев» басшысы Гайниева Мадина Асылхановна мемлекет пайдасына 205 (екі жүз бес) теңге 8 (сегіз) тиын тұрақсыздық айыбы, 1 972 (бір мың тоғыз жүз жетпіс екі) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімнің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Құжатқа қол қойылған: Аташева А. О., 11.02.2025

Заңды күшіне енген күні: 12.03.2025, судья Аташева А. О., 12.03.2025

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатын туралы тиісті түрде хабарландырмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шығарылған шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде апелляциялық тәртіппен тараптар шағым жасауы немесе прокурор өтінішхат беруі мүмкін.

Судья А.О.Аташева

Құжатқа қол қойылған: Аташева А. О., 11.02.2025

Заңды күшіне енген күні: 12.03.2025, судья Аташева А. О., 12.03.2025

4712-25-3-1/132